# Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режиміне сәйкес біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

## *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2009 жылғы 12 ақпандағы N 12/90-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда N 14-13-49 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 12/65-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2012.12.21 № 12/65-V Шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 36 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **Ш Е Ш Т І :**

1. Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы ( оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қолданады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2011.09.30 N 40/279-IV Шешімімен

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Т. Әміралиев.*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы Ә. Шыңғысбаев*

Төлеби аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 12 ақпандағы N 12/90-IV шешімімен белгіленген N 1 қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2011.09.30 N 40/279-IV Шешімімен

| к/с | Тауар, жұмыс және қызмет түрлері. | Әр сатушының алатын сауда алаңы | Бір жолғы талонның құны (теңге) |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| I | Базар аумағында сауда жасау: | | |
| 1) | - нан және нан тағамдары | 2 шаршы метр үшін | 80 |
| 2) | - кондитер тағамдары және жарма, қант, құмшекер | 3 шаршы метрге дейін | 70 |
| 3) | - сүт тағамдары | 1 шаршы метр үшін | 40 |
| 4) | - ет, жұмыртқа (қойдың, сиырдың, шошқаның , жылқының, тауықтың, балық) тағамдары, өсімдік майлары | 3 шаршы метрге дейін | 100 |
| 5) | - көкөніс, жеміс-жидектер | 3 шаршы метрге дейін | 80 |
| 6) | - құрғатылған жемістер, бал | 3 шаршы метрге дейін | 80 |
| 7) | - киімдер, мата, бас киімдер,аяқ киімдер | 3 шаршы метрге дейін | 100 |
| 8) | - аудио-видео аппаратуралар | 3 шаршы метрге дейін | 100 |
| 9) | - кеңсе тауарлары, парфюмерия тауарлары, ыдыс-аяқ тауарлары | 2 шаршы метр үшін | 70 |
| 10) | | | |
| 11) | - ірі қара мал, жылқы, иттер | 1 бас | 150 |
| 12) | - қой, ешкі, бұзау, тай, торай | 1 бас | 100 |
| 13) | - құстар мен аңдар | 1 шаршы метр үшін | 50 |
| 14) | - жем шөп | 2 шаршы метрге дейін | 80 |
| 15) | - құрылыс материалдары | 3 шаршы метрге дейін | 100 |
| 16) | - аяқ киім жөндеу және басқа тұрмыстық қызметтер | 2 шаршы метр үшін | 70 |
| 17) | - ұсақ-түйек тауарлар | 3 шаршы метрге дейін | 50 |
| 18) | - ұн | 3 шаршы метрге дейін | 80 |
| 19) | - автокөлік бөлшектері | 3 шаршы метрге дейін | 100 |
| 20) | - салаттар | 2 шаршы метрге дейін | 80 |
| 21) | - балмұздақ, сусындар | 2 шаршы метрге дейін | 100 |

Төлеби аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 12 ақпандағы N 12/90-IV шешімімен белгіленген N 2 қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгертулер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2011.09.30 N 40/279-IV Шешімімен

| к/с | Сату (стационарлық үй жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқа) | Бір жолғы талонның құны ( тенге) |
|---|---|---|
| 1 | Газеттер мен журналдар | 50 |
| 2 | Тұқым сондай-ақ отырғызу материалдары (екпелер, көшет) | 100 |
| 3 | Бақша дақылдары | 100 |
| 4 | Саяжай және үй жанында өсірілген табиғи гүлдер | 100 |
| 5 | қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық бақшалық және саяжай учаскелерінің өнімдері | 80 |
| 6 | Сыпыртқылар, орман жидектері және саңырауқұлақтар | 80 |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі үшін | 300 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК